

Бабыл (Арабша: بابل,) немесе
Вавилон, Вавилония –ежелгі
мемлекет.



Даму тарихы төрт кезеңге бөлінеді: 1) ерте Вавилон патшалығы (біздің заманымыздан бұрынғы 1894 – 1518); 2) касситтер дәуірі (біздің заманымыздан бұрынғы 1518 – 1204); 3) саяси құлдырау дәуірі (біздің заманымыздан бұрынғы 1204 – 626); 4) жаңа Вавилон патшалығы (біздің заманымыздан бұрынғы 626 – 538).



- Месопотамияның оңтүстік бөлігінде (қазіргі [Ирак](#) жері) біздің заманымыздан бұрынғы 2-мыңжылдықтың басында пайда болған бұл мемлекет өзінің басты қаласының атауымен аталды. Ол алғашында (біздің заманымыздан бұрынғы 24 – 22 ғасырлар) [Аккад](#) мемлекеті патшаларының, кейіннен Ур әулетінен шыққан (біздің заманымыздан бұрынғы 22 – 21 ғасырлар) патшалардың қол астына қарады.

- Біздің заманымыздан бұрынғы 1894 жылы аморит тайпасынан шыққан Сумуабум әулеті Вавилон патшалығының негізін қалады. Хаммурапи патша (біздің заманымыздан бұрынғы 1792 – 50) тұсында Вавилон нығайып, ірі мемлекетке айналды.



Хаммурапи - б.з.б. 1792 - 1750 жылдардағы Вавилон патшасы. Қосөзен аралығын мекендеген арамей тайпасынан шыққан. Хаммурапидың кезінде Вавилон өрлеп, дамыды. Шебер саясаткер әрі қолбасшы Хаммурапи әскері күш пен дипломатияның көмегі арқасында 35 жылдың ішінде Вавилонға Ассирияны, Месопотамияның оңтүстік және орталық бөлігін бағындырды. Оның кезінде тауар-ақша қатынастары, жеке меншік, құл иеленуші шаруашылық дамыды. мемлекеттің орталықтану мен патша билігі күшейді. Ол Хаммурапи заңдарынан көрініс тапты



Біздің заманымыздан бұрынғы 16 ғасырда елді касситтер жаулап алды. Касситтер дәуірінде сыртқы саясат айтарлықтай табысты болмады. Дегенмен, елдің шаруашылығы қайтадан өркендеп, жылқы өсіру жақсы дамыды. Касситтер әулеті құлағаннан кейін [Навуходоносор I](#) (біздің заманымыздан бұрынғы 1146 – 25) патша мен оның мұрагерлері тұсында Вавилон қайтадан күшейіп, Ассирия мен [Эламды](#) өзіне бағындырды. Бірақ кейіннен патшаның билігі әлсіреп, бөлініп шыққан Ассирия мен Эламның жасаған шабуылдары шаруашылықты мүлдем құлдыратып жіберді. Ассирия әскерлері қаланы екі рет қиратты, бірақ екі ретінде де [Вавилон](#) қалпына келтірілді. Біздің заманымыздан бұрынғы 626 жылы халдей тайпасынан шыққан Набопаласар Ассириядан бөлініп, өзін Вавилонның патшасымын деп жариялады. Ол мидиялықтармен одақтасып, [Ассирия](#) патшалығын талқандады да, территориясын бөліп алды.

Навуходоносор I



● Сөйтіп, Жаңа Вавилон кезеңі басталды. Навуходоносор II (біздің заманымыздан бұрынғы 604 – 562) патша тұсында көптеген аймақтар жаулап алынды. Осы кезде Вавилонның экономикасы да күшейіп, Алдыңғы Азиядағы негізгі сауда орталығына айналды. Хаммурапи б.з.б. 1792-1750 жылдар аралығында патшалық етті. Навуходоносор II өлгеннен кейін сарай төңкерістері болып, мидиялықтармен үздіксіз соғыс жүргізілді. Біздің заманымыздан бұрынғы 538 жылы парсылардың патшасы Кир II Вавилонды басып алды. Осыдан кейін Вавилон патшалығы өзінің өмір сүруін мүлдем тоқтатты.

Навуходоносор II

